




2-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (1)

Англия құқықтық жүйесінің
ерекшеліктері





Дәріс сабағының жоспары

1. Англосаксондық құқықтық отбасының ерекшеліктері
2. «Жалпы құқық» ұғымы және оған тән ерекшеліктер
3. «Әділдік құқығының» түсінігі және оның «жалпы құқықтан» айырмашылығы

1. АНГЛОСАКСОНДЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ОТБАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Англосаксондық құқықтық отбасы (ағылшын-американдық құқықтық жүйе) – Ұлыбританияның және бұрынғы британдық колониялардың, соның ішінде Британдық Ұлттар Достастығының елдері мен АҚШ-тың құқықтық жүйелерін біріктіретін құқықтық отбасы, олардың негізінде Англияның «жалпы құқығы» жатыр.

Англосаксондық құқықтық отбасына кіретін ұлттық құқықтық жүйелер

№	Ағылшын-американдық (жалпы) құқықтың географиялық құрылымы
1	Ағылшын тобы (Ұлыбритания және Британдық Ұлттар Достастығы елдері).
2	Америка тобы (АҚШ - федералды құқықтық жүйе және штаттардың құқықтық жүйесі).

№	Негізінен роман-герман үлгісіндегі құқықтық жүйелері бар, бірақ жалпы құқық отбасына кіретін мемлекеттер немесе мемлекеттердің бөліктері
1	Таиланд
2	Филиппин
3	Пуэрто-Рико (АҚШ-пен ассоциацияланған мемлекет)
4	Канадалық провинция Квебек
5	АҚШ-тағы Луизиана штаты
6	Шотландия (жалпы құқық пен архаикалық Рим-голланд құқығының белгілерін біріктіреді).

№	Діни құқық жүйесінің әсерін сақтап отырған, бірақ жалпы құқық отбасына кіретін мемлекеттер
1	Үндістан және оның штаттары (индус құқығының әсері, жалпы құқықтың үстемдігі).
2	Пәкістан (мұсылман құқығы және ағылшын жалпы құқығы).
3	Израиль (құқықтық жүйесі иудей құқығының әсерін сақтай отырып, роман-герман және ағылшын-американдық құқықтық жүйелерді біріктіреді).

Жалпы құқықтың басқа елдері: Австралия, Жаңа Зеландия, Ирландия, Гонконг, Сингапур, Бангладеш, Малайзия, ОАР, Зимбабве, Камерун, Намибия, Ботсвана, Гана және басқалары.

№	Ағылшын-саксон құқықтық отбасы белгілері:
1	- прецеденттің үстемдігі;
2	- іс жүргізу құқығының материалдық құқықтан басымдығы;
3	- құқық жүйесінің салаларға нақты бөлінбеуі;
4	- жария құқық және жеке құқықтың айқын бөлінуінің болмауы;
5	- құқықтың күрделенуі және казуистикалығы.

№	Ағылшын құқығының қайнар көздері
1	Сот прецеденті.
2	Заңнама (заңдар және заңға тәуелді актілер).
3	Құқықтың көмекші қайнар көздері (доктрина және құқықтық әдет-ғұрып (1189 жылға дейін қолданылған әдет-ғұрыптар ғана танылады).



Сот прецеденті (лат. «precedent» — алдыңғы) — ұқсас істерді шешу кезінде барлық соттар үшін міндетті ережеге айналған соттың нақты іс бойынша шығарған шешімі.

Прецедент заңмен немесе жоғары тұрған сотпен жойылуы мүмкін.

Англия құқығында шамамен 800 мың. сот прецеденті бар және жыл сайын олардың саны артуда.

№	Сот шешімінің мәтініндегі нормалардың түрлері
1	«Racio decidendi» - сот шешімінде мазмұндалған норма, оны сот өз шешімі үшін тікелей қажет деп есептейді. Құқықтың қайнар көзі ретінде танылады.
2	«Obiter dictum» (ілеспе байланысты) – «racio decidendi» санатына жатпайтын сот шешімінде қамтылған барлық өзге ережелер. Судья «dictum» ұстануға міндетті емес, бірақ оған құқығы бар.

«Stare decisis» – сот прецеденттерінің міндеттілік қағидасы. Бұл қағида тек Лордтар палатасына ғана қолданылмайды (2005 жылдан бастап – Лордтар палатасының соттық функциясын өз мойнына алған Жоғарғы Сотқа қолданылмайды). Бұл ерекшелік өте сирек пайдаланылады.

№	Прецеденттердің кемшіліктері
1	Қандай да бір істі сотта шешу кезінде жағдайға қатысты барлық прецеденттерді қарап шығу мүмкін болмауына байланысты бір-біріне қайшы келетін прецеденттердің пайда болуы.
2	Уақыт тапшылығына байланысты адвокаттар мен судьялардың назарына қандай да бір прецеденттердің түспей қалуы қауіпін жоғары деңгейі.

Прецеденттер жүйесінің иерархиясын құру арқылы барлық сот шешімдерін ретке келтіретін прецедент доктринасы. Прецеденттердің міндеттілік дәрежесі сот жүйесіндегі сот органының орнына байланысты болады.

№	Прецеденттер жүйесі және олардың міндеттілік дәрежесі
1	Жоғарғы соттың (2005 жылға дейін - лордтар палатасының) шешімдері барлық соттар үшін және Жоғарғы Соттың өзі үшін міндетті прецеденттер болып табылады.
2	Апелляциялық соттың шешімдері Жоғарғы соттан басқа барлық соттар үшін міндетті болып табылады.
3	Сот төрелігінің Үлкен сотының шешімдері қатаң міндетті болып табылмайды, алайда Үлкен соттың түрлі бөлімшелері үшін басшылық ретінде маңызды.

№	Англия құқығындағы сот прецеденттерін қолдану шарттары
1	- прецедентті сенімді сот жинағында жариялау қажеттілігі ("law reports"). Әдетте Англияның Жоғарғы, Апелляциялық және Үлкен соттарының ең маңызды істер бойынша шешімдері жарияланады, өйткені басқа соттардың шешімдері міндетті прецедент болып саналмайды.
2	- соттың міндетті прецеденттерді ("binding precedent") ғана қолдану қажеттілігі, ал ұсынымдық прецеденттер ("persuasive precedents") еленбеуі де мүмкін. Міндетті прецедент судьяның шешуші дәлелдеріне негізделген ("ratio decidendi"), ал ұсынымдық прецедентке оның ілеспе айтылған дәлелдері ("obiter dicta") жатады. Құқық мәселелері бойынша пікірлер ғана прецедент сипатына ие бола алады.
3	- істің және прецеденттің негізгі (маңызды) нақты мән-жайларының ұқсастығы қажет етіледі ("material facts"). Бұл жердегі басты қиындық: істің нақты мән-жайларын негізгі және қосалқы мән-жайларға бөлу өте қиын.
4	- прецеденттің алдыңғы прецеденттермен үйлесуі қажеттілігі. Егер судья бұрын қалыптасқан прецедентті ескермесе, онда прецедент ұқыпсыз шығарылған деп қолданылмайды («per incuriam» негіздемесі).
5	- прецеденттің құқықтың негіз қалаушы қағидаттарына сәйкес келуі қажеттілігі (сәйкес келмеген жағдайда ол қолдануға жатпайды).
6	- прецеденттің барынша нақтылығы.



№	Англия заңнамасының құрамы
1	Парламент актілері-заңдар (статуттар) (acts of parliament; statutes; primary legislation): прецеденттік құқық алдында басымдыққа ие. Олар XVII ғ. бастапқық қайнар көзі. Заңдарды қабылдау жолымен прецеденттердің кодификациялануы мүмкін (мысалы: 1979 жылғы Тауарларды сату туралы Заң). 1973 жылдан бастап Парламенттің барлық актілері ЕО Директивалары мен Регламенттеріне сәйкес келуі тиіс.
2	Парламент заңдарымен басқа органдарға тапсырылған актілер («тапсырылған» заңнама) (delegated / secondary legislation): министрдің немесе аумақтық органның құзыретіне жиі жатады. «Тапсырылған» актілер сот өндірісінің ережелері мен кәсіби регламенттер болуы мүмкін (мысалы: 1998 жылғы АСӨЕ (ПГС)). Корольдің жарлықтары («orders in council») айрықша сипаттағы «тапсырылған» актілер болып табылады. Олардың жобаларын Парламенттегі тыңдауларды айналып өту үшін Үкімет Жасырын кеңес арқылы ұсынады.

Бүгінгі күні, Апелляциялық сот пен Жоғарғы Сотта қаралатын істердің 90% прецеденттік емес, статуттық құқық негізінде шешіледі.

Прецедент пен заңның арақатынасы

Англияның құқықтық доктринасына сәйкес статуттар практикада іс жүзінде нақты қолданғаннан кейін ғана әрекет ете бастайды, бұл оларды тек қана заңға негізделген «түсіндіру прецеденттеріне» айналдырады.

Бүгінгі күні прецеденттік құқық негізінен «таза» прецеденттер арқылы емес, түсіндіру прецеденттері арқылы даму үстінде.

2. «ЖАЛПЫ ҚҰҚЫҚ» ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОҒАН ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Британдық судья Милиштың айтуынша: «Әділдік құқығының барлық нормалары және жалпы құқықтың он нормасының тоғызы судьялармен жасалған» (Кросс Р. Прецедент в английском праве. – М., 1985.-с.46).

Профессор Гудхардтың тұжырымына сәйкес, «Ағылшын судьясы — өткеннің құлы және болашақтың деспоты, ол өз ізашарларының шешімдерімен байланған және өзінің артынан жүретін судьялар ұрпағын байланыстырады» (Саидов А.Х. Сравнительной правоведение. – М., 2000.-С.242).

Прецеденттік құқық	
1. Жалпы құқық(common law)	2. Әділдік құқығы (law of equity)

Жалпықұқық (common law) - бүкілҰлыбританияүшінортақпрецеденттердіңбірыңғайжүйесі.

Жалпы құқық әділдік құқығымен (ағылш. - law of equity) бірге прецеденттік құқықтың құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Ол ағылшын-американ құқықтық жүйесі елдерінде басты мәнге ие.

Жалпы құқық XIII—XIV ғасырларда корольдік соттардың практикасы менжергілікті әдет-ғұрыптарнегізінде қалыптасты.

Жалпы құқық жүйесіндегі құқықтың негізгі қайнар көздерінің бірі-сот прецеденті.

№	Жалпы құқық жүйесінің әрекет етуінің негізгі көрсеткіштері
1	Жалпы құқық нақты істер бойынша шешімдерде судьялардың өздерімен құрылады және анықталады.
2	Шешім нақты іс бойынша қабылданады және бұл шешім одан әрі осыған ұқсас басқа істерге де қолданылатын болады.
3	Заңның айқын анықтамалары болмаған кезде судьялар прецедент құру арқылы құқықты жасауға өкілеттікті және мұндай прецеденттер жиынтығы "жалпы құқық" деп аталады
4	Егер ұқсас дау бұрын шешілген болса, сот алдыңғы шешімдерде қолданылған барлық дәлелдерді қолдануы тиіс (прецеденттердің күшін міндеттейтін қағида – «stare decisis»).
5	Егер сот қаралып отырған істің мәні барлық алдыңғы жағдайлардан өзгеше екенін анықтаса, ол істі бірінші рет қаралып отырған іс ретінде шешеді, содан кейін жаңа шешім прецедентке айналады.



Бұл жалпы құқық әрекетінің оңайлатылған, схемалық көрінісі. Әрине, іс жүзінде жалпы құқықтық жүйе әлдеқайда күрделі болып табылады.

Сот шешімдері тек нақты юрисдикцияда ғана міндетті болып табылады (мысалы, Англия мен Уэльс бір юрисдикцияны, Шотландия – басқасын, Солтүстік Ирландия - үшіншісін құрайды), және тіпті бір юрисдикция шеңберінде де кейбір соттардың басқаларға қарағанда билігі көптеу болады.

Алайда прецеденттің міндеттеуші күші – «stare decisis» қағидасы – барлық «жалпы құқықтың» жүйелерінің негізінде жатыр.

ХІІ—ХІІІ ғасырларда «жалпы құқық» ұғымының римдік-канондық құқықтан Англия құқығына өтуі

Жалпы құқық» (лат. «*jus commune*»)

- ХІІ—ХІІІ ғасырлардағы римдік-канондық құқықтың жергілікті әдет-ғұрыптарға қарағанда (лат. «*lex tertiae*») барлық христиан әлемінде қолданылған бөлігі.

Жергілікті (графтық) соттарымен қатар әрекет еткен және ХІІ—ХІІІ ғасырларда барлық Англияға ортақ болған корольдік соттар жүйесінде қолданылған құқық.


«Жалпы құқықтың» айрықша ерекшеліктері

№	Ағылшын құқығы нормаларының түрлері:
1	Нақты заңда белгіленбеген, бірақ «жалпы құқықтан» туындайтын нормалар: <ul style="list-style-type: none"> • XX ғасырға дейін: қылмыстық құқық пен процестік құқықтың басым бөлігі заңдарда (статуттарда) бекітілмеген еді; • бүгінгі күні: азаматтық құқық пен деликтілік құқықтың көпшілік бөлігі сот шешімдерінде ғана реттелген және заңдарда (статуттарда) реттелмеген.
2	Статуттар мен атқарушы билік қаулыларында белгіленген нормалар.

Англо-саксондық «жалпы құқықтың» континенталды құқық жүйелерінен айырмашылықтары:	
Жалпы құқық	Континенталды құқық жүйелері
Кодификацияланбаған	Кодификацияланған
Заң актілерімен қатар құқықтың басты қайнар көзі болып табылатын сот шешімдеріне мән берілуі.	Заңдардың басымдығы және сот шешімдерінің маңыздылығының төмендігі (мысалы, Наполеон кодексі судьяға сот прецедентін құруға тікелей тыйым салады).

3. «ӘДІЛДІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ» ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ЖАЛПЫ ҚҰҚЫҚТАН» АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Ағылшын құқығының даму тарихы (процесс):





Англияның құқықтық жүйесінің пайда болу және қалыптасу ерекшеліктерін зерттеудің өзектілігі

- 1. Ағылшын құқығы көптеген елдердің құқықтық құрылымына ықпал етті (бұрынғы колониялар мен доминиондар - АҚШ, Канада, Австралия, Үндістан және т.б.)
- 2. Англияның құқығы (атап айтқанда, "әділдік құқығы") Қазақстанның құқығына да әсер етті (мысалы, траст немесе сенімді меншік институтының пайда болуы)

«Әділдік құқығы» -«жалпы құқық» дәстүрі аясында әрекет ететін,қажетті жағдайларда «жалпы құқықтың» тым қатаң ережелерін орындау тіптен қатал болса оларды толықтырып отыратын құқықтық қағидағтар жүйесі болып табылады.

Әділдік құқығы шамамен XIV ғ. Англияда қалыптасты

- «Жалпы құқықтың» қатаң формализміне байланысты қарапайым адамдар корольдік соттарға талап арыз беруге мүмкіндігі болмады. Бұл көптеген адамдарды (соның ішінде жалпы құқық соттарының шешімдерімен келіспегендерді қоса алғанда) "мейірімділік пен әділдік" сұрай отырып, корольге тікелей жүтінуіне мәжбүр етті (осыдан құқықтың атауы пайда болды). Шағымдарды патша емес, оның атынан лорд-канцлер қарастыратын.

Шағымдарды корольдің атынан Лорд-канцлер қарады

- Шағымдардың саны үнемі өсіп отырғандықтан, лорд-канцлер тұсында арнайы орган құрылды, ол кейінірек "канцлер соты" деген атауға ие болды (немесе "әділдік соты" деп аталды, өйткені шешім шығару кезінде ол тек қана әділдік қағидағтарын басшылыққа алатын). Бұл сотта істерді қараудың бөлек тәртібі белгіленді.

Канцлер сотының (Әділдік сотының) қызметі барысында прецеденттер пайда болды (яғни, нақты жағдайларға негізделген нормалар) және кейіннен олар «әділдік құқығы» жүйесін қалыптастырды.

Корольдің соттық функцияларын Лорд-канцлерге жүктеуінің себебі: діни тұлға болғандықтан, Лорд-Канцлер «жалпы құқық» талаптарынабағынышты емес еді және шешім шығару кезінде ол өзінің әділдік туралы түсінігін басшылыққа алып отырды.

«Әділдік құқығының» қалыптасуы және дамуы

«Әділдік құқығының» қалыптасуы

1474 жылға дейін - Канцлер соты корольдің атынан әрекет еткен кезде "әділдік құқығының" қалыптасуы

1474 жыл - Канцлер соты өз атынан әрекет ете бастаған кезде "әділдік құқығы" пайда болды

1529-1827 жылдар – "әділдік құқығының" барлық нормаларының қалыптасуы кезеңі



«Әділдік құқығының» дамуы

XVII ғасыр ортасы	– істердің Канцлердің "жеке ұяты мен нанымы бойынша" емес, прецеденттер негізінде шешіле бастауы;
XVII ғасыр соңы	– «әділдік құқығы» жүйесінің толығымен қалыптасуы.

Әділдік құқығының қалыптасуының қайнар-көзі- Канцлер соты.

«Жалпы құқық» пен «әділдік құқығының» арақатынасы

1. "Әділдік құқығы" - бұл "жалпы құқықтың" либералды түсіндірмесі, өйткені ол "құрлықтық Еуропаның құқықтық жүйелерінің қалыптасқан тәжірибесін ескере отырып, ағылшын құқығы нормаларын қайта өңдеудің нәтижесі болып табылады

- жалпы құқық пен әділдік құқығы арасындағы қарым-қатынасты кодекс пен оған толықтыру арасындағы қарым-қатынас ретінде қарастыру керек
- "әділдік құқығын" бұрыннан қалыптасып қалған құқықтық жүйені (яғни "жалпы құқықты") толықтыратын құрал ретінде қарастыру керек

2. "Әділдік құқығы" құқықтың дербес жүйесі болып табылады (И.В. Стрижаков)

- "әділдік құқығын" қосымша ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамдық қатынастарды кеңейтілген және бірегей реттеу құралы ретінде сипаттайтын бірқатар ерекшеліктер бар
- на представления о справедливости Лорд-Канцлера, как духовного лица, влияние канонического (церковное) право, что подтверждается заимствованием «правом справедливости» ряда положений, свойственных каноническому прав

Жалпы құқық сотының Канцлер сотынан кейбір процестік айырмашылықтары:

«Жалпы құқық» соты	Канцлер Соты
1) жауапкер алдын ала хабардар етілген сұрақтарға ғана жауап беруге міндетт	1) жауапкер оған қойылатын барлық сұрақтарға жауап беруі тиіс;
2) негізгі дәлел-жазбаша құжаттар	2) ауызша айғақтар-күші бойынша жазбаша құжаттарға тең дәлелдеме болып табылады;
3) қажетті құжаттарға ие тараптан осы құжаттардың көрсетілуін талап ететін сот құқығының болмауы	3) қажетті құжаттарға ие тараптан осы құжаттардың көрсетілуін талап ететін Канцлер құқығының болуы;
4) санкциялардың нақты белгіленген тізбесі	4) сотқалауымен тағайындалатын санкциялардың неғұрлым кең шеңбері. Мысалы, санкциялардың мына түрлері алғаш рет енгізілді: - сот тыйымдары; - заттай орындау («жалпы құқық» келісім-шарттың орындалмағаны үшін тек ақшалай өтемақыны ғана көздейтін); - жою (жоққа шығару); - ректификация (қатені жою, яғни шарттың мәтініне тараптардың шынайы ниетін дұрыс білдіретіндей тиісті түзетулерді енгізу туралы соттың ұйғарымы. Ректификация институты тек келісім-шарттарға ғана емес, сонымен қатар сақтандыру полистеріне, тұрғын үй жалдау шарттарына, траст құралдарына, мүлікке билік етудің өзге де актілеріне қатысты қолданылады).



5) "Жалпы құқық" соты канцлер сотының шешімін қайта қарастыра алмады	5) Канцлер Соты «жалпы құқық» соты шығарған шешімді тікелей жоққа шығара алмаса да, «жалпы құқық» сотының бұрын қабылдаған шешімін айтарлықтай өзгертетін немесе оның қолданылуын мүмкін емес қылатын шешім шығаруға мүмкіндігі болды. Мұндай шешім формальді жағынан толық заңды болмаса да, әділдік талаптарына сәйкес келетін.
--	---

Қорытынды: «әділдік құқығы» құқықтарды қорғаудың неғұрлым кеңдеу ауқымын, сондай-ақ оларды қорғау құралдарының алуан түрлілігін қамтыды.

«Жалпы құқық» пен «әділдік құқық» соттары құзыретінің тарихи қақтығысы

Канцлер сотының жұмысына Англияның Қауымдар Палатасының шағымдары (XIV ғ.)	
1	Канцлер сотына жалпы құқық ережелерін бұзуға тыйым салу.
2	Канцлер сотында тиісті рәсімдерді айналып өту арқылы жалпы құқық соттарының шешімдерін жоққа шығармау.
3	Шағым жасалған сот қаулылары тараптарды Канцлер сотына жүгінуге мәжбүр етпеуі тиіс.

«Жалпы құқық» соты мен Канцлер соты арасындағы теке-тіресті байқататын практикалық мысалдар: (Дереккөз: Стрижаков И.В. «Право справедливости» Англии 15-17 вв. как самостоятельная система права // Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки. - 2015. - №5. - С.101-103).

1-мысал: 1394 жылы король Қауымдар палатасының өтінішімен келісті және бұдан былай Канцлер сотындағы жауапкердің жеңісі сот шығындарының екінші тараптан (яғни талапкерден) өндіріп алу құқығын берді, бұл Канцлер сотының жұмыс тәртібіне кейбір өзгерістер енгізді.

2-мысал: Король Яков 1 кезінде Бас судья Коктің қараған ісі бойынша талапкер мүддесін өкіл ететін адамдар сот алдында іс бойынша жауап беруге тиіс куәнің ауырып қалуына байланысты келе алмауы туралы жалған ақпарат берді. Нәтижесінде сот талапкердің пайдасына шешім шығарады. Бұл туралы естіген Лорд Канцлер талапкерге осы шешімді орындауға тыйым салатын бұйрық жіберді.

Сол кезде жауапкерге және оның өкілдеріне қарсы Корольдік орындық сотының шешіміне дау туғызғаны үшін қылмыстық іс қозғалды, бұл болса мәселеге Канцлердің араласып, әлгі адамдарды өз қорғауына алуға оны мәжбүр етті.

Осылайша, жалпы құқық соты мен әділдік соты арасында бірінші жанжал пайда болды және ол король араласқаннан кейін әділдік сотының өкілеттіктерін кеңейту пайдасына шешілді (1615 жыл). Бұл келесі өзгерістерге әкелді:

1) жалпы құқық сотының шешімі шығарылғаннан кейін де Әділдік сотына жүгіну және шығарылған шешімнің қайта қаралуын талап ету мүмкіндігі пайда болды;

2) жалпы құқық пен әділдік құқығы соттарының арасында қайшылықтар туындаған жағдайда әділдік құқығы сотының юрисдикциясы басымдыққа иедеген қағидат қалыптаса бастады.

Қорытынды (И.В. Стрижаковтың пікірі бойынша): «әділдік құқығы» жалпы құқықтың қосымшасы болғандеген ой дұрыс емес, өйткені соттар арасындағы қайшылықтардың болуы фактісі және олардың «әділдік» немесе «жалпы» құқыққа тиесілігі белгісі бойынша бөлінуі, сондай-ақ әділдік соттарының басшылыққа алған ерекше қағидалардың болуы осы құқық жүйелерінің әрқайсысының дербестігін білдіреді.

Қазіргі уақытта Лорд-канцлер Ұлыбритания үкіметінің аға лауазымды тұлғаларының бірі, ол Премьер-Министрдің ұсынысы бойынша монархпен бес жылға тағайындалады. Бүгінгі күні Лорд-канцлер Әділет министрінің қызметін атқарады.

Англияда бұл лауазым - 1066 жылдан бастап, Ұлыбританияда - 1707 жылдан бастап енгізілген. XVII ғ. басынан бастап лорд-канцлерлер-тек зайырлы тұлғалар қатарынан тағайындалған (әдетте, көрнекті заңгерлердің қатарынан). 2017 жылдың 11 маусымынан бастап бұл лауазым иесі Дэвид Лидингтон.



«Жалпы құқық» пен «Әділдік құқығының» кейбір айырмашылықтары

«Жалпы құқық»	«Әділдік құқығы»
- құқықтық қатынастардың кез келген түріне қолданылды.	- көбінесе азаматтық құқықтық қатынастар саласында қолданылған.

«Әділдік құқығының» қолдану және даму барысында қалыптасқан ағылшын-саксон құқығының институттары:

- сенімді меншік;
- шарттарды заттай орындау;
- шарттық меншік мәселелері;
- залалды өтеу мәселелері және т.б.

№	«Әділдік құқығына» қатысты тарихи сын
1	- "Әділдік құқығының" нақты қолданылу ережелері болған емес, сондықтан лорд-канцлер өзінің ұятын ғана басшылыққа ала отырып шешім шығаратын.
2	- құқықтардың "қайталануы" (дублирование) ағылшын құқықтық жүйесін одан әрі күрделендірді.

«Әділдік құқығы» кейіннен өзінің «икемділігін» айтарлықтай жоғалтты. XVII ғасырдан бастап ол «жалпы құқық» жүйесіне қосылды.

1873-1875 жылдардағы сот реформасынан кейін «әділдік құқығы» толығымен жалпы құқықтың формальді бөлігіне айналды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Михайлов А.М. «Сравнительное правоведение: судебная власть в правовой системе Англии». Учебное пособие. - М.: Издательство Юрайт, 2019. – 355 с.
2. Стрижаков И.В. «Право справедливости Англии 15-17 вв. как самостоятельная система права» // Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки. - 2015. - №5. - С.101-103.
3. Белых Д.Г. «Источники английского права: прецеденты, законодательство, толкование законов» (2016) // <https://finstran.wordpress.com>
4. Универсальная интернет-энциклопедия (Википедия).